



Қазақ тілі

Анықтамалық құрал

Қызылорда, Шымкент қалалары
№60 жалпы орта мектеп
Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі:
Каримова Маржан Тұрсынбекқызы

ЛЕКСИКА

- **Лексикология** – сөз байлығын тексеретін ҒЫЛЫМ
- **Семасиология** – сөз мағынасын тексереді
- **Этимология** – сөздердің шығуын тексереді
- **Фразеология** – сөздердің құрамын тексереді
- **Лексикография** – сөздердің дұрыс жазылуын тексереді.

Сөздер жиынтығы тілдің сөздік құрамы

Кірме сөздер	Басқа тілден енген сөздер	Айна, перде, таразы, мектеп, мереке, қалам, ораза, намаз, аруақ, кірпіш
Диалект сөздер	Жергілікті жерде ғана қолданылатын сөз	Шырпы, ши, кепе, шақпа, көсе, леген т.с.с.
Архаизм, историзм сөздер	Көнерген тарихи оқиғаларды сипаттайтын сөздер	Бөз, шиден, кебеже, хан, ауылнай, нөкер
Неологизм сөздер	Тұрмыста жаңадан енген құбылыстар мен атауларды білдіретін сөздер	Көрермен, аялдама, үйірме, келіссөз
Термин сөздер	Белгілі бір өмір не ғылым саласында ғана айтылатын қалыптасқан сөз	Космос, баспасөз, дирижер, лексика
Кәсіби сөздер	Белгілі бір кәсіпке байланысты айтылатын сөздер	Атыз, әңгелек, жылым

ТУРА МАҒЫНАЛЫ СӨЗ

Айтушы мен тыңдаушыға ортақ ұғымды білдіреді.

Мал, шөп, жеті, ертең, кел, ақ т.б.

СӨЗДІҢ АУЫСПАЛЫ МАҒЫНАСЫ

Тура мағынадан дамып, келіп қосылған мағына

Қол бастаған батыр, ақ көбейді, таудың етегі, үйдің қабырғасы, бір тұяқ қалмапты.

аң – жыртқыш

аң – ашулы, қайратты

аң – тағы, долы

СӨЗДІҢ КӨП МАҒЫНАСЫ

Тура мағына негізінде түрлі мағынаны білдіру

- | | |
|-------------------------|-------------------------|
| 1.Үйді ақтау; | 1.Жылқы жалы; |
| 2.Адамды жаладан ақтау; | 2.жалдың астындағы май; |
| 3.Тарыны ақтау. | 3.көк жүзі |
| 4.Жайықтың жар қабағы; | 4.жүзі жылы |
| 5.Аспан қабағы; | 5.кіші жүз, орта жүз |
| 6.Қабағын ашпай | |

ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Даяр қалпында қолданылады, біртұтас мағына береді

Ит өлген жер – алыс, жүрек жұтқан – батыр, қырғи қабақ – араз.

Мағынасына, қызметіне қарай 2-ге бөлінеді

1. Фразеологиялық тіркес. Сүттен ақ, ақылға сыймау, тіс жармау.
2. Идиома - әбден жымдасқан, бөлуге болмайды. Жағына пышақ жанығандай, иегінен тағалы ат тайып жығылғандай – көсе деген ұғым.

СӨЗ ҚҰРАЛМЫ

Ұғымға берілген атау

Заттық ұғым – Гүл

Сындық ұғым – Сары

Сандық ұғым – екі

Қимылдық ұғым - өсті

ДАРА СӨЗ

Бір сөзбен болады.

НЕГІЗГІ СӨЗ

Бір түбірден құралған сөздер бала, ақ, бір, мен, кел, ерте, әрі, дүрс, паһ

ТУЫНДЫ СӨЗ

сөз

Жұрнақты

Көл + шік,

ақ+шыл, дүрс+іл, су+сын

ҚОС СӨЗ

Қайталанып, қосарланып келетін сөздер
Ата-ана, бала-шаға, біп-биік, он-он бес

БІРІККЕН СӨЗ

Бір ұғым беретін, бірнеше түбірдің бірігуінен тұратын сөздер

Ақтау,

Алтынай, Ақсүйек, Қарақат

ТІРКЕСКЕН СӨЗ

Бір ұғымға берілген, бірнеше сөздің тіркесінен тұратын күрделі атаулар

Абай Құнанбаев, М.Әуезов, атындағы орта мектеп

ҚЫСҚАРҒАН СӨЗ

Күрделі атаулардың ықшамдалған түрі

ҚазМУ, ТМД, кг.

К

Ү

Р

Д

Е

Л

І

СӨЗ

Бірнеше сөзден болады